

**Шығармашылық байқаудың шарттары «Instagram-ға
#Pampers_МягкиеКакПух/#Pampers_МамықтайЖұмсақ хэштегімен суретті орналастыр - жаңа
Pampers Premium Care жылдық қорын ұтып ал» (бұдан әрі - Байқау).**

1. Шығармашылық Байқаудың атауы (бұдан әрі - Байқау)		«Instagram-ға #Pampers_МягкиеКакПух/#Pampers_МамықтайЖұмсақ хэштегімен суретті орналастыр - жаңа Pampers Premium Care жылдық қорын ұтып ал»
2. Байқаудың ұйымдастырушысы туралы ақпарат	Атауы БСН	«Нью Поинт» ЖШС 1705 4002 3624
	Пошталық мекенжайы	Қазақстан Республикасы, 050004, Алматы, Алмалы ауданы, Наурызбай батыр көшесі, 17, Sirius БО, 203 кеңсе
	Кері байланыс	Байқауды өткізуге байланысты барлық мәселелер бойынша электрондық пошта арқылы хабарласуға болады: newpoint@new-point.kz
Байқаудың Тапсырыс берушісі туралы ақпарат	Атауы БСН	«Проктер энд Гэмбл Казахстан Дистрибьюшн» ЖШС 980540003232
3. Байқауды жүргізудің мерзімдері.		<p>3.1. Байқауды жүргізудің жалпы мерзімі 01.06.2018ж. бастап, қоса алғанда 31.08.2018ж. дейін.</p> <p>3.2. Байқауды жүргізудің кезеңдері</p> <ul style="list-style-type: none"> • 1-нші кезең: 01.06.2018ж. бастап 31.07.2018ж. дейін - Қатысушылардан өтініштерді қабылдау • 2-нші кезең: 01.08.2018ж. бастап 08.08.2018ж. дейін - Байқаудың Жеңімпаздарын анықтау. • 3-нші кезең: 09.08.2018ж. бастап 31.08.2018ж. дейін - Жеңімпаздарға Сыйлықтарды жіберу. <p>3.3. Байқаудың қорытындыларын шығару (жеңімпаздардың тізімін хабарлау) қоса алғанда 08.08.2018ж. дейінгі мерзімде жүзеге асырылады.</p> <p>3.4. Сыйлықтарды беру/жіберу қоса алғанда 31.08.2018ж. дейінгі мерзімге дейін жүргізіледі.</p>
4. Байқауды жүргізудің аумағы.		<p>4.1. Байқау Қазақстан Республикасының 2 (екі) қаласында жүргізіледі – Алматы және Астана.</p> <p>4.2. Сауда орталықтарының мекенжайлары: Алматы қ.: Mega Alma-Ata (Розыбакиев көш. 273), Mega Park (Мақатаев көш. 127), Dostyk Plaza (Самал-2, 111) Астана қ.: Mega Silk Way (Қабанбай батыр даңғылы 62), Keruen City (Қорғалжың т.ж. 1), Keruen (Достық көш. 9)</p> <p>4.3. Байқаудың мақсаты Тапсырыс берушінің өніміне – «Pampers Premium Care» жөргектеріне тұтынушылардың сұранысын ынталандыру, Қатысушылардың шығармашылық әлеуетін ашу болып табылады.</p> <p>4.4. Байқауға қатысу оған төлем төлеуді қарастырмайды. Байқаудың нәтижелері бойынша сыйлықтарды алу үшін Ұйымдастырушының немесе үшінші тұлғалардың шотына ақшалай қаражаттарды аударудың қажеті жоқ. Байқауға қатысудағы мақсаты үшін жүргізілетін Қатысушылардың барлық шығындары Ұйымдастырушымен тікелей немесе жанама түрде өтелуге жатпайды.</p>

5. Байқаудың қатысушыларын Байқаудың ережелері, сонымен қатар, Байқаудың нәтижелері туралы ақпараттандырудың тәртібі мен тәсілі.	5.1. Байқаудың Қатысушыларын ақпараттандыру келесі жолмен жүзеге асырылады: - www.pamperskz.com/ru-kz сайтында Байқауды жүргізудің барлық мерзіміне ережелерді орналастыру. 5.2. Байқаудың нәтижелері https://www.pamperskz.com/ru-kz сайтында орнатылады
6. Байқауға қатысатын Тауарлардың белгілерінің сипаттары.	6.1. «Pampers Premium Care» жөргектері
7. Байқаудың сыйлық қоры.	7.1. Байқаудың сыйлық қоры Байқау Ұйымдастырушысының қаражатының есебінен құралады және оларға келесілер қосылады: 7.1.1. Сыйлық - Pampers Premium Care жөргектерінің жылдық қоры, оған келесілер қосылады: Pampers Premium Care 2-5 кг жөргектері, өлшемі 1, 72 дана. Pampers Premium Care 4-8 кг жөргектері, өлшемі 2, 66 дана. Pampers Premium Care 6-10 кг жөргектері, өлшемі 3, 74 дана. Pampers Premium Care 9-14 кг жөргектері, өлшемі 4, 54 дана. Pampers Premium Care 11+ кг жөргектері, өлшемі 5, 42 дана. (1 Сыйлық - өлшемдердің бірінің 15 қаптамасы) Жөргектердің жылдық қорының құрамы Жеңімпазбен ұсынылған ақпаратқа сүйене отырып (баланың жасы мен салмағы), әр Жеңімпаз үшін Байқаудың Ұйымдастырушысымен жеке құрылады. Сыйлық қорының сыйлықтарының жалпы көлемі - 4 сыйлық.
8. Байқаудың шарттары.	Байқаудың Қатысушысы болу үшін келесілерді жүзеге асыру қажет: 8.1. Осы ережелердің 4.2 тармағында көрсетілген сауда орталықтарында орналасқан фотоаумақта суретке түсу және оны Instagram әлеуметтік желісіндегі өз аккаунтыңызда орналастыру (аккаунт міндетті түрде ашық болуы тиіс); 8.2. Суретке #Pampers_МягкиеКакПух немесе #Pampers_МамықтайЖұмсақ хештегін қосу және Pampers Premium Care жаңа өнімі туралы пікір жазу 8.3. Байқауды жүргізген уақытта 0 бастап 3 жасқа дейінгі баланың заңды өкілі (ата-анасы немесе қамқоршысы) болу. 8.4. Байқаудың 8.1.- 8.3. тармағында көрсетілген шарттары орындалмаған жағдайда Ұйымдастырушы Қатысушыны бір жақты тәртіппен шығаруға құқылы. 8.5. Қатысушы 8.1.-8.2. тармақта көрсетілген шарттарды тек бір рет қана орындай алады және Байқаудың жүргізілген барлық кезеңінде тек бір ғана Сыйлыққа ие бола алады.
9. Байқаудың үміткерлері мен жеңімпаздарын анықтаудың белгілері.	Байқаудың Жеңімпазын (бұдан әрі - Жеңімпаз) анықтау келесі тәртіппен жүзеге асырылады: 9.1. Байқаудың Жеңімпазын анықтау үшін Байқаудың ұйымдастырушысының («Нью Поинт» ЖШС) өкілдерінен - 2 адамнан және Байқаудың Тапсырыс берушісінен («Проктер энд Гэмбл Қазақстан Дистрибьюшн» ЖШС) - 1 адамнан, жалпы құрамы 3 (үш) адамнан құралған Тәуелсіз Қазылар алқасы құрылады. 9.2. Қазылар алқасы келесі формула бойынша Байқаудың Жеңімпаздарын анықтайтын болады: №1 = A/1000*B

	<p>№2 = A/1000*C №3 = A/1000*D №4 = A/1000*E</p> <p>Мұнда: A - 31.07.2018ж. 23:59 барлық Қатысушылардың саны; B - тиісті кезеңдегі тіркелген мерзімнің соңғы күніне теңгеге шаққандағы АҚШ долларының бағамы (ҚР ҰБ мәліметтері бойынша); C - тиісті кезеңдегі тіркелген мерзімнің соңғы күніне теңгеге шаққандағы ЕУРОның бағамы (ҚР ҰБ мәліметтері бойынша); D – тиісті кезеңдегі тіркелген мерзімнің соңғы күніне теңгеге шаққандағы Аустралия долларының бағамы (ҚР ҰБ мәліметтері бойынша); E – тиісті кезеңдегі тіркелген мерзімнің соңғы күніне теңгеге шаққандағы Канада долларының бағамы (ҚР ҰБ мәліметтері бойынша); № - (бүтінге дейін аз жағына қарай жұмырланған), Байқауға қатысушының реттік нөміріне сәйкес.</p> <p>Сонымен қатар: егер кезекті жеңімпаз атанған Қатысушы осы Байқаудың жеңімпазы болса, онда жеңімпаз болып одан кейінгі Қатысушылар дерекқорындағы адам тағайындалады.</p> <p>9.3. Байқаудың Жеңімпаздарын ақпараттандыру www.pamperskz.com/ru-kz сайтында Жеңімпаздардың тізімін орналастыру, сонымен қатар, Instagram әлеуметтік желісінде Жеңімпаз Қатысушыны Direct арқылы хабарландыру жүзеге асырылады.</p>
<p>10. Қатысушылар мен олардың Құқықтары</p>	<p>10.1. Байқауға қатысуға Қазақстан Республикасының барлық азаматтары және Қазақстан Республикасында тұруға рұқсаты бар, Қазақстан Республикасында үнемі тұратын, Науқанға қатысу кезінде 18 жасқа толған тұлғалар (бұдан әрі - «Қатысушылар») шақырылады</p> <p>10.2. Келесі тұлғалардың қатысуға құқықтары жоқ: 10.2.1. Тапсырыс берушінің және Науқанды Ұйымдастырушының қызметкерлері, сонымен қатар, Науқанды ұйымдастыруға байланысты компанияның қызметкерлері. 10.2.2. Қазақстан Республикасының бейрезиденттері.</p> <p>10.3. Ұйымдастырушы Қатысушының жеке тұлғасын куәландыратын құжаттардың түпнұсқаларын ұсынуды талап етуге құқылы.</p> <p>10.4. Қатысушының құқықтары: 10.4.1. Осы Ережелермен анықталған тәртіппен Байқауға қатысу. 10.4.2. Байқаудың барлық шарттарын орындаған жағдайда және Қатысушыны Жеңімпаз деп таныған кезде Ұйымдастырушыдан Сыйлықтың берілуін талап ету.</p>
<p>11. Үміткер Қатысушының және Жеңімпаз Қатысушының міндеттері.</p>	<p>Қатысушының міндеттері: 11.1. Байқаудың Қатысушылары Байқауға қатысуға және Байқаудың Ережелерімен белгіленген мерзімде сыйлықтарды алуға байланысты барлық әрекеттерді орындауға міндетті. 11.2. Байқауға қатыса отырып, Қатысушы оның жеке деректерін өңдеуге келісімін береді, шарты - барлық жеке ақпараттар, оның ішінде Қатысушының Т.А.Ә., байланыс телефонының нөмірі, мекенжайы тек ұйымдастырушымен және Байқаудың Тапсырыс берушісімен немесе Байқауды жүргізуге байланысты құпия мәліметтерді жарияламау туралы Келісімдердің негізінде әрекет ететін тұлғалармен пайдаланылады және Жарнамалық науқанмен байланысты емес мақсаттар үшін, осы тармақта ескертілген тұлғаларды санамағанда, ешқандай үшінші тұлғаларға берілмейді. 11.3. Байқаудың Жеңімпазы электрондық пошта, байланыс телефоны</p>

	<p>немесе Ұйымдастырушыда бар басқа байланыс мәліметтері бойынша сұраныс арқылы Ұйымдастырушының талап еткен уақытынан бастап 3 күнтізбелік күннен кешіктірілмейтін мерзімде ұйымдастырушыға келесі электрондық поштасы арқылы мынадай мәліметтерді ұсынуға міндетті: newpoint@new-point.kz :</p> <p>11.3.1 жеке куәліктің көшірмесі/сканерленген үлгісі (осы құжатты ҚР Мемлекеттік кірістер комитетіне мәліметтерді беру үшін талап етіледі);</p> <p>11.3.2 сыйлықты жеткізу үшін телефонның байланыс нөмірі мен мекенжайы;</p> <p>11.3.3 баланың жасы мен салмағы (жылдық қордың құрамын құру үшін);</p> <p>Егер мәліметтер аталған мерзімде алынбаса, онда Ұйымдастырушы Жеңімпаз ретінде келесі реттік нөмірлі Қатысушыны таңдау құқығын қалдырады.</p>
<p>12. Ұйымдастырушының құқықтары.</p>	<p>Ұйымдастырушының құқықтары:</p> <p>12.1. Ереженің 8.1-8.2. тармағының талаптарын орындамаған Жеңімпазға сыйлықты беруден бас тарту .</p> <p>12.2. Осы Ережелердің 11.4 тармағында көрсетілген мәліметтерді хабарлаудан бас тартқан Жеңімпазға сыйлықты беруден бас тарту.</p> <p>12.3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған тәртіппен Ережелерді өзгерту немесе Байқауды жою, сонымен қатар, Ережелердің өзгергендігі немесе Байқаудың жойылғандығы туралы Қатысушыларды хабарландыру Ереженің 5.1 тармағында көрсетілген тәртіппен жүргізіледі .</p> <p>12.4. Қатысушының мәліметтерінің анықтылығын тексеруді кез-келген уақытта өзінің қалауы бойынша өз күшімен жүргізу және соңғысынан аталған мәліметтердің анықтылығын растайтын құжаттарды талап ету. Қатысушыдан оның жеке тұлғасын растау үшін қажетті қосымша мәліметтерді сұрату.</p> <p>12.5. Ұйымдастырушы келесі жағдайларда Қатысушыға Байқауға қатысудан және/немесе сыйлықты алудан бас тартуға құқылы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қатысушы (тіркелген және (немесе) авторизациядан өткен кезде) дұрыс емес және/немесе жалған (оның ішінде қате) жеке деректерді беру кезінде, - Қатысушы оның жеке тұлғасын растайтын құжаттарды ұсынудан бас тартқан кезінде; - егер Ұйымдастырушы Қатысушыны Сыйлық алуға құмар адам деп тапса, <p>Сыйлық алуға құмар адам деп төменде аталған бір немесе бірнеше әрекеттерді жүзеге асыратын тұлға саналады (келесілерді қоса отырып, бірақ олармен шектелмей):</p> <ul style="list-style-type: none"> - бір IP-мекенжайынан бірнеше аккаунттарды тіркеген (түрлі немесе соған тең есімдермен/тектермен бірнеше Қатысушы ретінде тіркелген); - динамикалық IP-мекенжайларын пайдаланған және cookie тазалаған; - нақты IP-мекенжайын жасырған (кез-келген құралдармен - прокси-серверлерімен немесе арнайы ғаламтор сервистерімен); <p>12.6. Ұйымдастырушы осы Ережелерде көрсетілген жағдайларды санамағанда немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарының негізінде Байқаудың Қатысушыларымен жазбаша келіссөздерді немесе басқа байланыстарды жүргізбеуге құқылы.</p> <p>12.7. Сұранысқа ие емес сыйлықтарды өзінің қалауы бойынша пайдалану</p>
<p>13. Ұйымдастырушының міндеттері.</p>	<p>Ұйымдастырушының міндеттері:</p> <p>13.1. Байқауды осы Ережелермен анықталған тәртіппен жүргізу.</p> <p>13.2. Байқаудың Жеңімпаздарына осы Ережелермен белгіленген мерзімде</p>

	<p>беру/жіберу және ҚР заңнамасына сәйкес салық агентінің міндеттерін орындау және салық органдарына сыйлықтарды алушылар туралы мәліметтерді ұсыну.</p>
<p>14. Сыйлықтарды алудың тәртібі мен мерзімдері.</p>	<p>14.1. Байқаудың сыйлық қорының барлық сыйлықтарын 31.08.2018ж. дейін беру/жіберу.</p> <p>14.2. Ұйымдастырушы Жеңімпаздарға Жеңімпазбен көрсетілген мекенжайға Ұйымдастырушының қаражатының есебінен курьерлік пошта арқылы сыйлықтарды жібереді. Курьерлік поштаның операторына ұтысты берген уақыттан бастап Ұйымдастырушы оның абайсызда жоғалуы, бүлінуі немесе бұзылуы үшін жауап бермейді.</p> <p>14.3. Басқа тұлғаға сыйлықты алуға құқықты беруге, сонымен қатар, Сыйлықтың ақшалай баламасын төлеу туралы талап етуге рұқсат берілмейді.</p> <p>14.4. Егер Қатысушы 11.4 тармағының талаптарын орындамаса және сыйлықты жеткізу үшін мәліметтерді ұсынбаса, Ұйымдастырушы Қатысушының электрондық мекенжайына мәліметтерді ұсынуға қосымша сұраныс жібереді. Қосымша сұранысты жіберген уақыттан бастап 2 күн өткеннен кейін Қатысушыдан мәліметтерді алмаған кезде, Сыйлық автоматты түрде сұранысқа ие емес деп саналады.</p> <p>14.5. Байқаудың ережелерімен сұранысқа ие емес сыйлықтарды сақтау және оларды 3 тармақта көрсетілген, Байқауды жүргізудің мерзімдері аяқталғаннан кейін беру қарастырылмаған. Барлық сұранысқа ие емес сыйлықтар Ұйымдастырушыда қалады, ол оларды өзінің қалауы бойынша игере алады.</p> <p>14.6. Ұйымдастырушы егер Жеңімпаз сыйлықтан бас тартса немесе оны ұйымдастырушыға байланысты емес себептермен алуға мүмкіндігі болмаса жауапкершілік артпайды.</p> <p>14.7. Ұйымдастырушы Қатысушыдан қажетті мәліметтерді алмағаны үшін, оның ішінде пошталық қызметтің, байланысты ұйымдастырушының кінәсі бойынша, Байқауды жүргізу кезінде қолданылатын техникалық ақаулар және/немесе байланыс арналары үшін, сонымен қатар, дұрыс көрсетілмеген немесе өзекті емес байланыс мәліметтері үшін Қатысушымен байланысты жүзеге асыра алмағаны үшін, оның ішінде, тіркеу кезінде мекенжайды жазуда жіберілген қателіктің салдарынан Сыйлықты қате мекежайға немесе тиісті емес мекенжайға жібергені үшін жауап бермейді.</p>
<p>15. Қосымша шарттар.</p>	<p>15.1. Байқауға қатысу Қатысушының осы Ережелермен танысқандығын және онымен толық келісетіндігін білдіреді.</p> <p>15.2. Осы ережелердің шарттары бойынша сұрақтармен Байқаудың Қатысушылары Ереженің 2 тармағында көрсетілген электрондық мекенжайға хабарласа алады.</p> <p>15.3. Байқауға қатыса отырып, Қатысушы сол арқылы Қатысушыға сыйақыны төлемей, Байқауды және «Pampers» сауда белгісін жарнамалау/хабарландыру мақсатында, Қатысушының Сайтында/Ғаламтор сервисінде жарияланған суреттерін және пікірлерін Ұйымдастырушының және Тапсырыс берушінің пайдалануына келісімін береді, сонымен қатар, Қатысушы Ұйымдастырушыға және Тапсырыс берушіге Байқауды және оның нәтижелерін, сонымен қатар, «Pampers» сауда белгісін жария етіп жарнамалау/хабарландыру мақсатында, эфирге беру, жариялап көрсету және басқа да авторлық құқықтарды пайдалану арқылы оларды пайдалану құқығын береді.</p>

15.4. Байқаудың Ұйымдастырушысы www.pamperskz.com/ru-kz сайттарындағы және newpoint@new-point.kz электрондық поштасындағы техникалық ақаулар және егер олар Байқауды Ұйымдастырушының кінәсі бойынша туындамаса, Байқауды жүргізудің аясындағы тиісті ақаулар үшін жауап бермейді.

15.5. Байқаудың ережелерімен Жеңімпаздарға Сыйлықтардың ақшалай баламаларын төлеудің немесе оларды кез-келген басқа игілікпен ауыстырудың мүмкіндігі қарастырылмаған.

15.6. Ұйымдастырушы осы Ережелермен қарастырылған жағдайларды санамағанда, Байқауға қатысатын тұлғалармен жазбаша келіссөздерді немесе басқа байланыстарды жүргізбейді.

15.7. Ұйымдастырушы ҚР заңнамасына сай Сыйлықты осындай Қатысушысының алуына байланысты, Науқанның ұтқан Қатысушысына қатысты салық агенті ретінде қызмет атқарады. Сыйлықты алған уақыттан бастап Жеңімпаз барлық қолданылған салықтарды және ҚР қолданыстағы заңнамасына сай бар міндетті төлемдерді төлегені үшін салықтық жауапкершілік атқарады.

15.8. Байқауды жүргізудің нәтижелері түпкілікті болып табылады және қайта қарастыруға жатпайды. Байқауды жүргізуге байланысты барлық мәселелер бойынша Ұйымдастырушының шешімдері түпкілікті болып табылады және қайта қарастыруға жатпайды.

15.9. Тапсырыс беруші және Байқаудың Ұйымдастырушысы келесілер үшін жауап бермейді:

- Қатысушылардың осы Ережелермен танысуға мүмкіндігінің болмауына;
- Қатысушылардың осы Ережелермен қарастырылған міндеттемелерін орындамағаны немесе дер кезінде орындамағаны үшін;
- Байқауға қатысу үшін тіркелуге байланысты техникалық ақаулар үшін, егер Ұйымдастырушының кінәсі бойынша туындамаса, Insagram әлеуметтік желісіндегі техникалық ақаулар үшін.
- Байқаудың Қатысушылары көрсеткен жеке деректердің, байланыс және басқа да ақпараттардың дұрыстығы, нақтылығы және анықтығы үшін, соған байланысты, олар көрсеткен байланыс телефондары арқылы Қатысушылармен байланыса алмағаны үшін, сонымен қатар, Ұйымдастырушыға байланысты емес себептермен, сондай-ақ, байланыс операторларының жұмысының сапасына байланысты себептермен оларға Сыйлықтарды беру мақсатында Қатысушылардан алынған ақпаратты пайдалануға мүмкіндіктің болмағаны үшін;

15.10. Байқаудың Қатысушылары олар ұсынған ақпараттың (оның ішінде байланыс телефондары мен мекенжайлары туралы ақпараттардың) анықтылығы үшін өздері жауап береді.

15.11. Осы Ережелердің дұрыс талқыланбауына алып келетін жағдайлар, осы Ережелермен реттелмеген даулы кез-келген мәселелер және/немесе сұрақтар туындаған кезде, Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес түпкілікті шешімді Байқаудың Тапсырыс берушісі қабылдайды. Байқауға Тапсырыс берушінің шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қаралмайды.

16. Байқауға қатыса отырып Қатысушы келесілерді растайды:

16.1. өзінің жеке деректерін өңдеуге атап айтқанда, «Жеке деректерді қорғау туралы» ҚР Заңының 26 бабына сәйкес осы Байқаудың мақсаттары үшін Ұйымдастырушының жеке деректерді жинауына, жүйелеуіне, жинақтауына, сақтауына, нақтылауына (жаңғыртуына, өзгертуіне), пайдалануына, бұғаттауына, жоюына өзінің келісімін береді. Қатысушының телефон және мекенжайы туралы ақпарат, оның ішінде электрондық

<p>ақпараты құпия болып саналады және Ұйымдастырушымен тек Қатысушымен байланысу және Сыйлықты беру үшін қолданылады; 16.2. Байқауды жүргізудің осы Ережелерімен және Байқауға қатысудың шарттарымен танысқандығын және толық келісетіндігін білдіреді.</p>
